

Қазақстан Республикасының аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 ақпандағы № 74 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 19 наурыздағы № 206 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.03.2024 № 206 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 627-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 26.04.2023 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелері;

2) Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлері бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 20 ақпандағы
№ 74 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелері

Р/с №	Консулдық іс-әрекеттердің атауы	Мөлшерлемелер (АҚШ долларымен немесе айлық есептік көрсеткіштің %-ы)

1.	Қазақстан Республикасының дипломатиялық және қызметтік паспорттарының ресімдеуді қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын ресімдеу	20 – 100 АҚШ доллары	15 – 75 еуро	10 – 65 ағылшын фунт стерлингі	20 – 110 швейцар франкі	1170 – 5850 Ресей рублі	132 – 660 Қытай юані
2. Қазақстан Республикасының визаларын беру							
2.	Шетелдік дипломатиялық өкілдікке немесе консулдық мекемеге виза беру туралы нотаны жасау және басып шығару	5 – 100 АҚШ доллары	3 – 75 еуро	3 – 65 ағылшын фунт стерлингі	5 – 110 швейцар франкі	290 – 5850 Ресей рублі	33 – 660 Қытай юані
3.	Бір мәртелік виза (туристік және транзиттік визалардан басқа)	1 – 400 АҚШ доллары	1 – 310 еуро	1 – 300 ағылшын фунт стерлингі	1 – 400 швейцар франкі	58 – 23400 Ресей рублі	6 – 2640 Қытай юані
4.	Көп мәртелік виза (туристік және транзиттік визалардан басқа)	1 – 1000 АҚШ доллары	1 – 950 еуро	1 – 810 ағылшын фунт стерлингі	1 – 1020 швейцар франкі	58 – 58515 Ресей рублі	6 – 6605 Қытай юані
5.	Туристік виза: бір мәртелік; көп мәртелік	1 – 60 АҚШ доллары; 1 – 150 АҚШ доллары	1 – 60 еуро; 1 – 115 евро	1 – 60 ағылшын фунт стерлингі; 1 – 110	1 – 65 швейцар франкі; 1 – 160	58 – 3510 Ресей рублі; 58 – 8780 Ресей рублі	6 – 395 Қытай юані;

				ағылшын ф у н т стерлингi	швейцар франкі		6 – 990 Қытай юані
6.	Транзиттік виза: бір мәртелік ; к ө п мәртелік	1 – 40 АҚШ доллары; 1 – 90 АҚШ доллары	1 – 40 еуро; 1 – 110 евро	1 – 40 ағылшын ф у н т стерлингi; 1 – 90 ағылшын ф у н т стерлингi	1 – 45 швейцар франкі; 1 – 95 швейцар франкі	58 – 2340 Ресей рублі; 58 – 5265 Ресей рублі	6 – 265 Қытай юані; 6 – 595 Қытай юані
7.	Шетелдікте р м е н азаматтығы ж о қ адамдардың Қазақстан Республика с ы н а тұрақты тұруға келу ж ә н е отбасымен бірігу туралы қолдаухаты н ресімдеу	10 – 100 А Қ Ш доллары	7 – 75 еуро	6 – 65 ағылшын ф у н т стерлингi	10 – 110 швейцар франкі	585 – 5850 Ресей рублі	65 – 660 Қытай юані
3. Қазақстан Республикасына қайта оралуға куәлік беру							
8.	Қазақстан Республика сына қайта оралу куәлігін беру	1 – 30 АҚШ доллары	1 – 25 еуро	1 – 20 ағылшын ф у н т стерлингi	1 – 35 швейцар франкі	58 – 1755 Ресей рублі	6 – 195 Қытай юані
4. Шетелде болу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының қолдаухаттарын ресімдеу							
9.	Шетелге жеке істері бойынша барған Қазақстан Республика с ы азаматтары н ы ң шетелде тұрақты тұруға қалу туралы қолдаухатта р ы н ресімдеу	30 – 300 А Қ Ш доллары	20 – 220 еуро	15 – 190 ағылшын ф у н т стерлингi	30 – 325 швейцар франкі	1755 – 17555 Ресей рублі	195 – 1980 Қытай юані
5. Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелері жөніндегі құжаттарды ресімдеу							

10.	Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және азаматтығын қалпына келтіру туралы қолдау хатты ресімдеу	15 – 200 А Қ Ш доллары	10 – 145 еуро	10 – 125 ағылшын ф у н т стерлингi	15 – 215 швейцар франкі	870 – 11700 Ресей рублі	100 – 1320 Қытай юані
11.	Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы қолдау хатты ресімдеу	30 – 300 А Қ Ш доллары	20 – 220 еуро	15 – 190 ағылшын ф у н т стерлингi	30 – 320 швейцар франкі	1755 – 17555 Ресей рублі	195 – 1980 Қытай юані
6. Азаматтық хал актілерін тіркеу							
12.	Бала тууды мемлекеттік тіркеу және тиісті куәлік беру	10 – 50 А Қ Ш доллары	7 – 40 еуро	6 – 35 ағылшын ф у н т стерлингi	10 – 55 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	65 – 330 Қытай юані
13.	Некені (ерлі-зайыпты болуды) тіркеу және неке (ерлі-зайыпты болу) туралы куәлік беру	15 – 60 А Қ Ш доллары	10 – 50 еуро	10 – 40 ағылшын ф у н т стерлингi	15 – 65 швейцар франкі	870 – 3511 Ресей рублі	100 – 395 Қытай юані
14.	Некені (ерлі-зайыпты болуды) бұзуды тіркеу және некені (ерлі-зайыпты болуды) бұзу туралы куәлік беру	30 – 80 А Қ Ш доллары	20 – 60 еуро	15 – 50 ағылшын ф у н т стерлингi	30 – 90 швейцар франкі	1755 – 4680 Ресей рублі	195 – 525 Қытай юані
	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен						

15.	хабар-ошарсыз кетті деп немесе әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдармен не қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған адамдармен неке бұзуды тіркеу	5 – 60 АҚШ доллары	3 – 45 еуро	3 – 40 ағылшын фунт стерлингi	5 – 65 швейцар франкі	290 – 3511 Ресей рублі	35 – 395 Қытай юані
16.	Азаматтық хал актілері жазбаларын ың өзгеруіне, толықтырылуына, түзетілуіне және қалпына келтірілуіне байланысты құжаттарды ресімдеу	10 – 50 А Қ Ш доллары	7 – 40 еуро	6 – 35 ағылшын фунт стерлингi	10 – 55 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	65 – 330 Қытай юані
17.	Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктерді беру	10 - 50 А Қ Ш доллары	7 - 40 еуро	6 - 35 ағылшын фунт стерлингi	10 - 55 швейцар франкі	585-2925 Ресей рублі	65- 330 Қытай юані
7. Құжаттарды талап етіп алдыру							
18.	Құжаттарды талап етіп алдыру (әрбір құжат үшін)	10 – 50 А Қ Ш доллары	7 – 40 еуро	6 – 35 ағылшын фунт стерлингi	10 – 55 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	65 – 330 Қытай юані
8. Құжаттарды заңдастыру, сондай-ақ апостильдеу үшін құжаттарды қабылдау және одан әрі жолдау							

19.	Құжаттарды заңдастыру (әрбір құжат үшін)	5 – 100 А Қ Ш доллары	3 – 70 еуро	3 – 65 ағылшын фунт стерлингi	5 – 110 швейцар франкі	290 – 5850 Ресей рублі	35 – 660 Қытай юані
20.	Апостильдеу үшін құжаттарды қабылдау және одан әрі жолдау (әрбір құжат үшін)	5 – 60 АҚШ доллары	3 – 45 еуро	3 – 40 ағылшын фунт стерлингi	5 – 65 швейцар франкі	290 – 3510 Ресей рублі	35 – 395 Қытай юані
9. Нотариаттық әрекеттер жасау							
21.	Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттардан басқа мәмілелерді куәландыру	10 – 200 А Қ Ш доллары	7 – 145 еуро	6 – 130 ағылшын фунт стерлингi	10 – 215 швейцар франкі	585 – 11700 Ресей рублі	65 – 1320 Қытай юані
22.	Мұраға құқық туралы куәлік беру	30 – 200 А Қ Ш доллары	10 – 145 еуро	15 – 125 ағылшын фунт стерлингi	30 – 214 швейцар франкі	1755 – 12230 Ресей рублі	200 – 1320 Қытай юані
23.	Ерлі-зайыптылар мен ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге де адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру	1 – 200 А Қ Ш доллары	1 – 200 еуро	1 – 200 ағылшын фунт стерлингi	1 – 215 швейцар франкі	58 – 11700 Ресей рублі	6 – 1320 Қытай юані
	Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған			6 – 65 ағылшын			

24.	үзінді көшірмелерінің дұрыстығын куәландыру	10 – 50 АҚШ доллары	7 – 70 еуро	фунт стерлингі	10 – 110 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	66 – 330 Қытай юані
25.	Құжаттарға қойылған қолдың төлнұсқалығын куәландыру (әрбір құжат үшін)	10 – 50 АҚШ доллары	7 – 70 еуро	6 – 65 ағылшын фунт стерлингі	10 – 110 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	66 – 330 Қытай юані
26.	Құжаттардың бір тілден екінші тілге аудармасының дұрыстығын куәландыру	10 – 100 АҚШ доллары	7 – 75 еуро	6 – 65 ағылшын фунт стерлингі	10 – 110 швейцар франкі	585 – 5850 Ресей рублі	66 – 660 Қытай юані
27.	Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру	1 – 100 АҚШ доллары	1 – 100 еуро	1 – 65 ағылшын фунт стерлингі	1 – 110 швейцар франкі	58 – 5850 Ресей рублі	6 – 660 Қытай юані
28.	Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру	1 – 100 АҚШ доллары	1 – 75 еуро	1 – 65 ағылшын фунт стерлингі	1 – 110 швейцар франкі	58 – 5850 Ресей рублі	6 – 660 Қытай юані
29.	Құжаттар берілген уақытты куәландыру	1 – 50 АҚШ доллары	1 – 50 еуро	1 – 65 ағылшын фунт стерлингі	1 – 110 швейцар франкі	58 – 2925 Ресей рублі	6 – 330 Қытай юані
30.	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін басқа жеке және заңды тұлғаларға беру	1 – 50 АҚШ доллары	1 – 70 еуро	1 – 65 ағылшын фунт стерлингі	1 – 110 швейцар франкі	58 – 2925 Ресей рублі	6 – 330 Қытай юані
31.	Дәлелдемелерді қамтамасыз ету	1 – 100 АҚШ доллары	1 – 75 еуро	1 – 65 ағылшын фунт стерлингі	1 – 110 швейцар франкі	58 – 5850 Ресей рублі	6 – 660 Қытай юані

10. Консулдық мекемеде өсиеттерді, құжаттар бар пакетті (өсиетхаттан басқа), ақшаны, бағалы қағаздарды және басқа да құндылықтарды (мұрагерлікті қоспағанда) сақтау

	Консулдық мекемеде			15 – 125 ағылшын			
--	--------------------	--	--	------------------	--	--	--

32.	өсиетхатты сақтау	30 – 200 А Қ Ш доллары	20 – 145 еуро	ф у н т стерлингi	30 – 214 швейцар франкі	1755 – 11700 Ресей рублі	200 – 1320 Қытай юані
33.	Консулдық мекемеде өсиетхаттан басқа құжаттар пакетін сақтау (ай сайын)	10 – 50 А Қ Ш доллары	7 – 40 еуро	6 – 35 ағылшын ф у н т стерлингi	10 – 55 швейцар франкі	585 – 2925 Ресей рублі	66 – 330 Қытай юані
34.	Мұраға қалдырылғандарды қоспағанда, ақшаны, бағалы қағаздарды сақтау (ай сайын)	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманы 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы

11. Жария сауда-саттықтарда тауарларды немесе өзге де мүлікті сату

35.	Жария сауда-саттықтарда тауарларды немесе өзге де мүлікті сату	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 60 АҚШ долларынан кем емес	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 45 еуродан кем емес	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 40 ағылшын ф у н т стерлингiне кем емес	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 65 швейцар франкінен кем емес	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 3510 Ресей рублінен кем емес	түскен соманың 1 %-ы, бірақ 395 Қытай юанінен кем емес
-----	--	---	---	---	--	---	---

12. Мүлікті немесе ақша сомаларын тиесілілігі бойынша беру үшін алты айға дейінгі мерзімге депозитке қабылдау

36.	Мүлікті немесе ақша сомаларын тиесілілігі бойынша беру үшін алты айға дейінгі мерзімге депозитке қабылдау (ай сайын)	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы	жалпы соманың 0,2 %-ы
-----	--	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------	-----------------------------

13. Заңды тұлғалардың мекенжайына дипломатиялық пошта арқылы құжаттар жіберу

37.	Заңды тұлғалардың мекенжайына дипломатиялық пошта	30 – 200 А Қ Ш доллары	20 – 145 еуро	15 – 125 ағылшын ф у н т стерлингi	30 – 214 швейцар франкі	1755 – 11703 Ресей рублі	
-----	---	------------------------------	------------------	---	-------------------------------	--------------------------------	--

	арқылы құжаттар жіберу						200 – 1320 Қытай юані
14. Кеме шетелден сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру							
38.	Кеме шетелден сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру	30 – 120 А Қ Ш доллары	20 – 90 еуро	15 – 75 ағылшын фунт стерлингі	30 – 130 швейцар франкі	1755 – 7545 Ресей рублі	200 – 790 Қытай юані
15. Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа да құжатты жасау немесе куәландыру							
39.	Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа да құжатты жасау немесе куәландыру	30 – 120 А Қ Ш доллары	20 – 90 еуро	15 – 75 ағылшын фунт стерлингі	30 – 130 швейцар франкі	1755 – 7545 Ресей рублі	200 – 790 Қытай юані
16. Шетелдегі Қазақстан Республикасы кемесінің немесе жүгінің опат болуы немесе зақымдануы (кемелердің кеме апатына ұшырауы) жағдайында теңіз наразылығы туралы акт жасау							

40.	Шетелдегі Қазақстан Республикасы кемесінің немесе жүгінің опат болуы немесе зақымдануы (кемелердің кеме апатына ұшырауы) немесе кеме капитанының дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында кеме иесіне мүліктік талаптар қою үшін негіздеме бола алатын, кеме жүзіп жүрген немесе тұрған кезеңде орын алған оқиға жағдайында теңіз наразылығы туралы акт жасау	30 – 120 АҚШ доллары	20 – 90 еуро	15 – 75 ағылшын фунт стерлингі	30 – 130 швейцар франкі	1755 – 7545 Ресей рублі	200 – 790 Қытай юані
17. Заңдық мәні бар өзге де құжаттар (анықтамалар) беру							
41.	Заңдық мәні бар өзге де құжаттар (анықтамалар) беру	5 – 60 АҚШ доллары	3 – 45 еуро	3 – 40 ағылшын фунт стерлингі	5 – 65 швейцар франкі	290 – 3510 Ресей рублі	35 – 395 Қытай юані

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 20 ақпандағы
№ 74 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасы аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 12, 82-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылы 25 мамырдағы № 460 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 34, 275-құжат).

3. "Консулдық алым ставкаларының, сондай-ақ жеделдігі үшін консулдық алым ставкасының ең төменгі және ең жоғары базалық мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылы 12 маусымдағы № 781 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 57, 774-құжат).

4. "Консулдық алым ставкаларының, сондай-ақ жеделдігі үшін консулдық алым ставкасының ең төменгі және ең жоғары базалық мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылы 31 желтоқсандағы № 1170 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 85-86, 611-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы аумағында алынатын консулдық алым мөлшерлемелерін және Қазақстан Республикасы аумағының шегінен тыс жерде алынатын консулдық алым мөлшерлемелерінің базалық ең төмен және ең жоғары мөлшерлерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы № 197 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 ақпандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылы 31 тамыздағы № 527 № 197 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 39, 262-құжат).